

**Күндердің
күнінде
Құдай
алдына
жауапқа
келесіз**



**Сізде Құдайдың
адалдығы
болу керек**

Мәңгілік өміріңіз осыған байланысты.

Қымбатты бауырым, Библияда жазылғандай, сіз күндердің күнінде өліп, Құдай алдындағы соттан өтесіз. «Сонымен, адамның бір-ақ рет өлуі хақ, ал одан кейін сот.» Осы күнге дайын болу сіздің өміріңіздің ең маңызды ісі. Өйткені, осы дайындық сіздің мәңгілік тозақта немесе ұжмақта болуыңыздың кепілі.

Бұл соттың шешімі адалдығыңызға негізделеді. Адалдық дегеніміз -- күнәдан мүлде таза болу. Библия Құдай «бір күнді анықтап, әлемді адалдықпен соттайтынын Бір Адамды тағайындаған» деп айтады. Бұл жазбада сөз болатын Адам -- Иса Христос. Бұл сіздің адалдығыңыздың Иса Христостікіндей болуға тиістігін білдіреді. Сіз бүкіл өміріңізді бірде-бір күнә жасамай бастан кеше аласыз ба? Ал Иса Христос дәл солай, Өзінің өмірінде еш күнә жасамаған болатын. Сондықтан да қиямет соты кезінде сіз Исамен салыстырылатын боласыз.

Ешкімде де адалдық жоқ

Иса Христан басқа ешкім, ешқашан өмірін бір де күнәсіз өткізген емес. Библия былай дейді: «Өйткені барлығы да күнә жасады». Адалдық тек қана Иса Христоста бар. Библия: «Адалдығы бар бір де бір жоқ, жоқ, бір де бір» дейді. Егерде сіз өзіңізде адалдықтың бар екенін дәлелдеймін десеңіз, өзіңізді өзіңіз алдағаныңыз және Құдайды алдаушы етесіз. Библияны оқысақ, онда мынандай жер бар: «Егер де біз ешқандай күнә жасаған емеспіз десек, Оны (Құдайды) алдаушы етеміз.» «Егер де біз ешбір күнәміз жоқ десек, біз өзімізді алдаймыз және бізде еш шындық жоқ.»

Адалдықсыз Сіз тозаққа барасыз!

Библиядан келесі сөздерді келтірейік: «Адалсыздар Құдай патшалығынын несиесінен құр қалатынын білмейсіздер ме?» Егерде сіз ұжмаққа бара алмайтын болсаңыз, сіз үшін тек бір ғана басқа орын қалады. «Күнәлі арам адамдар тозаққа беттейді».

Адалдықты іскерлікпен табу мүмкін емес!
Библия: «Істеген ісіміздің адалдығынан емес, Оның рахымы бойынша Ол бізді құтқарды» деп айтады. Егерде сіздер Құдайдың адалдығына игі істерімен ие болсаңыздар, онда Иса Христосқа айқыш үстінде өлудің қажеті жоқ еді. Библиядан біз төменгі сөздерді оқи аламыз: «Мен Құдайдың рахымдылығына қарсыласпаймын, өйткені егер адалдық заң арқылы келсе, Христостың өлімі бекер болды.»

Қымбатты бауырым, сіз «Құдайдың адалдығына» игі өміріңізбен, яғни садақа берумен, мейірімді болумен не болмаса маскүнем болмаумен және тағы да басқа СІЗ істеген жақсы қылықтарыңызбен ие бола алмайсыз. Бұның барлығы адамның адалдығы, яғни өз адалдығың.

Иса Христосқа сену --

адалдыққа ие болудың жалғыз жолы.

Сенім -- бұл біреуге шын пейілмен арқа арту, оған сенім арту. Библияның айтуы бойынша Иса Христос сіздің күнәңізді өтеу үшін және сізге Құдайдың адалдығын силау үшін Өз жанын құрбан етті. Сіз адалдықты жақсы істеріңізбен табуға ұмтылмаңыз, тек қана Иса Христосқа сеніңіз, тек сол арқылы ғана сіз Құдайдың адалдығына ие боласыз. Библия былай дейді: «Кім істерімен емес, ал күнәкарларды Ақтайтынға сенсе, оның сенімі адалдық деп саналады.» «Сенетін әркім үшін және әркімде Иса Христосқа сенімі арқылы Құдайдың адалдығы бар.» Және сонда сіздің сот күнінен қорықпауыңызға болады, себебі жүрегіңізде сіз «менім заң арқылы келген өзімнің адалдығым емес, бірақ Христосқа сену арқылы: сенім арқылы Құдайдың адалдығы» бар болғандықтан ұжмақта болатыныңызды білесіз.

Сізді құтқару үшін Иса Христосқа толығымен сенім арта аласыз ба?

Қымбатты бауырым, Иса Христос сіздің мәңгілік өмірге ие болуыңыз үшін Өзін құрбан етіп төлем болған, сізге тек қана Оған

сеніміңізді арта отырып мәңгілік өмірді
силық ретінде алу керек. Библия:
«Құдайдың силығы -- Тәңіріміз Иса Христос
арқылы мәңгі өмір» дейді. Құдай өтірік
айтпайды, және ол сіздерге мәңгі өмір
беруге уәде еткен. Библияда былай
жазылған: «Мәңгілік өмірді, өтірік айта
алмайтын Құдай әлемнің басталуынан
бұрын уәде еткен.»

Құдайдың уәдесіне сіз дәл қазір сене
аласыз ба? Сіздің, дәл қазір, өзіңіздің
адалдығыңызға арқа сүйеуіңізді тоқтатып,
жан-тәніңізбен Иса Христосқа сеніп «Оның
адалдығына» ие болу ниетіңіз бар ма? Егер
сіз Иса Христосқа келіп, және Оған
шынымен сенсеңіз, Ол сізді дәл қазір
құтқарады. Библия: «Иса Христос дүниеге
күнә-карларды құтқару үшін келген.» деп
айтады. Және де «Кім Тәңірдің атын
шақырса, сол құтқарылады».

Ұжмақ та, тозақ та -- шындық. Егер сіз
Тәңіріңіз Иса Христос сізді құтқарсын
десеңіз, шын жүрегіңізден Құдайға осы
сөздерді Оған айтыңыз: «Саған, о Тәңірім,
мен өзімнің сенімімді артамын, мен мәңгілік
ұятта болғым келмейді: адалдығыңмен мені
құтқара кер.»

Осы тақырапқа байланысты сұрағыңыз болса,
мына мекен-жайға хат жазыңыз:



FELLOWSHIP TRACT LEAGUE

P.O. BOX 164 • LEBANON, OH 45036

www.fellowshiptractleague.org © Tract 3770 (Kazak)

All tracts free as the Lord provides. Not to be sold.